# ЕҢБЕГІ ЕРЕН АЗАМАТ

Сарыарқаның сайын даласының төскейінде орын тепкен Шет ауданының өсіп, өркендеуіне, халқының тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына өзіндік сүбелі жұмысшы еңбегін қосқан еңбекқор азаматтар баршылық. Солардың бірі, һәм бірегейі Таттыбайтегі Тлеуқұл Жолғұттыұлы.

Ол аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылының іргесінде орналасқан Орджоникидзе атындағы кеңшарда механизатор (тракторист-комбайнер-көлік жүргізушісі) болып еңбек еткен. Осыған орай жұмысшы мамандығы жөнінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мен 2025 жылы Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Адал, әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат-Адал еңбек-Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал, әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен адал еңбекті бағалаған абзал» деп еңбек адамының қоғамда алатын орнын қадап көрсетті.

Президенттің алға қойған бұл постулатты тиянақты орындау үшін қазіргі кезеңде халық шаруашылығында еңбек атқарып жүрген жастарға тәлім-тәжірибе беру мақсатында олардың бұрынырақ халқына аянбай еңбек еткен жұмысшы-еңбеккерлердің жүріп өткен жолын көрсету қажет дей отырып, Тлеуқұлдың маған таныс адами болмысы мен еңбекке деген қабілеттерін тілге тиек етейін.

Тлеуқұл 1940 жылы мамыр айының 13 жұлдызында ауданның қиыр шығысында орналасқан «Кежек» (қазіргі кезде Ақтоғай ауданына қарайтын Ақши ауылы) ауылында дүниеге келген.

Әкесі - Жолғұтты соғыстан жараланып келіп, 1943 жылы



өмірден өткен. Балалық шағы соғыстан зардап шеккен отбасында, қиын-қыстау кезеңде анасының тәрбиесінде өтеді. Сол кездегі жасөспірімдер колхоздың қара жұмысына жегіліп, көлік айдаушы (погончик) болып, көктемде соқа тартып, жер жыртады, жазда шөп шабуға қол ұшын тұрақты береді. Осы жұмыстар Тлеуқұлдың да басынан өткен.

1961 жылы Қарағанды қаласында техникалық училищені тамамдап, еңбек жолын балғашы-ұсталықтан бастайды. 1962-1973 жылдары Жарық АКК (автокөлік кәсіпорны) комсомол ұйымының хатшысы қызметін атқарды.

1973-1985 жылдары Орджоникидзе кеңшарында үлкен жүк тасымалдайтын машинада жүргізуші болып, автопоезд құрып, егін орағында бірнеше жыл бойы астықты Жарық астық қабылдау кәсіпорнына шашпай-төкпей жеткізуді қамтамасыз етеді. 1985 жылы жаңадан ашылған Ақсу-Аюлы - Қарағанды жолаушылар тасымалдау бағытында еңбек етеді. Бұл халыққа өте қажетті жұмыста Тлеуқұл Жолғұттыұлы 1995 жылға дейін абыройлы қызмет атқарды. 1995-1998 жылдары аудан орталығында Жарық АТП филиалының бастшысы болып еңбек жолын жалғастырады. 1998 жылы автобусты жеке меншігіне алып Ақсу-Аюлы - Ақадыр - Қарағанды бағытында халыққа қажетті қызмет көрсетеді.

Жеке кәсіпкер болса да Тлеуқұл Жолғұттыұлы аудан тұрғындарына және шалғайда орналасқан Ақшоқы - Талды - Нұраталды елді мекендердегі жолаушыларға өзінің көмегімен қамқорлығын аяған жоқ.

Атап айтқанда, кісі тасымалдауға өз көлігімен, өз жанар-майымен тегін 3,0 млн.теңгеге жуық көмек көрсеткен; тілсіз жау дала өртін сөндіруге бірнеше рет автобуспен адамдарды жеткізген, аудандық мәдениет бөліміне «Зерде» үгіт көркем өнерпаздармен бірлесе шалғайдағы елді-мекендерді аралап, тегін демеушілік көрсеткен, сонымен қатар, спортшыларды аудандық, облыстық спартакиларға тегін тасымалдаған, ауданның соғыс ардагерлері, I-II топтағы мүгедектерді, көпбалалы аналар мен ішкі істер қызметкерлерін тегін тасымалдаған т.б. көптеген көмекті тұрақты түрде көрсетіп отырған.

Тлеуқұл Жолғұттыұлының ерен еңбегі мемлекет тарапынан әркезде бағаланып тұрды. Мәселен 1980 жылы «Еңбек даңқы» орденімен наградталса, 2012 жылы Шет ауданының «Құрметті азаматы», 2014 жылы ҚР Көлік және коммуникация министрлігі «Құрметті автокөлікшісі» төсбелгісі, 1975-1980 жылдары «Лучший шофер района», 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалі 1975-1978 жылдары «Социалистік жарыстың» төсбелгісін иеленген.

Бірнеше мәрте ауданның, облыстың әкімдерінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталған.

Аудан көлемінде қоғамдық жұмысқа да белсене атсалысқан 1999 жылы құрылған «Отан» партиясының мүшесі болып, халыққа қызмет көрсеткен. Тлеуқұлдың зайыбы Үміткүл Шәбденқызымен өмірге 4 бала әкеліп, оларды тәрбиелеп, оқытып, өмірдің дара жолына салды. Өкініштісі - сол отбасының анасы ертерек өмірден өтіп кеткені.

Тлеуқұл үстіміздегі жылы 85 жасқа толады. Оған қандай құрмет көрсетсек те артық болмайды. Ол жағын ауданның, облыстың құзырлы органдары шешеді деген сенімдеміз.

**Боранбай ЖҰМКИН**
**Шет ауданының Құрметті азаматы, Ауыл шаруашылығы саласының Құрметті ардагері.**

**Шет шұғыласы,2025.- 8 мамыр (№18).- 6 б.**